

# Embi tynysy

№ 6 (22)  
сәуір  
2019 жыл

“Ембімұнайгаз” АҚ-ның корпоративті газеті

7 сәуір – Геолог күні

## Құрметті геологтар!

Сөздерді келе жатқан төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның геология саласы елімізді дамыту және қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Қазақстандық геологтардың бірнеше ұрпағының күшінің нәтижесінде мыңдаған пайдалы қазбалар кен орындары ашылды, мемлекеттің қуатты минералды-шикізаттық қоры құрылды.

Жалпы, еліміздегі геологиялық-барлау жұмыстары туралы айтқан-

да, ембілік геологтардың Өзен, Теңіз сынды көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында болғанын айтып өткен жөн. Біздің ардагер-геологтарымыз Ботақан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, т.б. басқа көптеген кен орындарын ашқанын білеміз. Сол ардақты геологтардың бүгінгі ұрпағы геология саласының

өлеуетін арттыру жұмысын жалғастырып келеді.

Кезінде әскери полигон болып, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жабылып қалған Ембі-5 учаскесінде алғаш рет барлау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Қазақстанда тұңғыш рет аумағы 5600 кв шақырымды құрайтын Тайсойған алаңында 3Д МОГТ кең көлемді сейсмосбарлау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Алда биік межелерге біз кәсіби білікті геолог-мамандарымыздың арқасында жетерімізге сенімдімін.

Сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын, үлкен жетістіктер мен жаңа ашылулар тілеймін!

**Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз»  
АҚ Басқарма төрағасы  
Ә.Е.Жақсыбеков**



## Қор тобының Қазақстан Республикасының экономикасындағы үлесі артты

**2018 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ мен қоржындық компаниялар тобының Қазақстан Республикасының экономикасындағы үлесі артып, 2017 жылмен салыстырғанда 1,2 есе артып, 4 трлн. теңгеден астам соманы құрады.**

Сонымен қатар, 2017 жылмен салыстырғанда Қор кірісі (ROE) 6,5%-дан 8,0%-ға дейін артып, Темасек Холдинг (Сингапур), Future Fund (Австралия) сынды халықаралық ұлттық әл-ауқат қорларының өсу қарқынына жетті.

Айта кеткен жөн, 2018 жылдың сәуір айында Қазақстан Президенті «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының 2018-2028 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясын және Қорды трансформациялау бағдарламасын



бекітті және оның әрі қарай жүзеге асырылуын ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Негізгі қызметтен түскен табыс көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 35% артып, 8,5 трлн теңгеден асып жығыл-

ды. Таза кіріс 83%-ға ұлғайып, бұл 1,1 трлн. теңгеден астам соманы құрады. Қазақстан Республикасының бюджетіне төленген салықтың көлемі 38,8%-ға артты (1 трлн теңгеден астам). [www.sk.kz](http://www.sk.kz)

## Есимов рассказал об итогах работы и планах "Самрук-Қазына"

Председатель правления АО "ФНБ "Самрук-Қазына" Ахметжан Есимов встретился с Главой государства Касым-Жомартом Токаевым. В ходе встречи Президенту Казахстана была представлена информация о результатах деятельности фонда за 2018 год и планах на предстоящий период. Об этом сообщает департамент по связям с общественностью и маркетинговым коммуникациям холдинга.

Ахметжан Есимов отметил положительную динамику работы фонда. Компании, входящие в состав фонда, продемонстрировали положительные финансовые показатели. По всем восьми крупным портфельным компаниям фонда достигнуто увеличение доходов от реализации по сравнению с 2017 годом. Так, доходы от основной деятельности группы компаний фонда составили более 8,5 трлн тенге и увеличились в 2018 году на 35%.

Объем чистой прибыли составил 1,1 трлн тенге, что в два раза больше показателя 2017 года. Объем дивидендов увеличился более чем в два раза и составил 296 млрд тенге. На 1 трлн тенге сократился уровень долга группы компаний фонда. Внешний долг сократился на 4 млрд долларов.

Объемы отчислений в государственный бюджет составили 1,1 трлн тенге, что больше на 40%, чем в 2017

году. Положительные производственные финансовые результаты позволили фонду продолжить и расширить реализацию социальных программ в области здравоохранения, здорового образа жизни, медицины, образования и благотворительности.

Ахметжан Есимов также доложил Главе государства об основных планах и задачах фонда на текущий год. Так, в планах фонда: реализация акций компаний "Казахтелеком" и Air Astana на IPO, строительство магистрального газопровода "Сарыарка", запуск лоукостера "Fly Arystan" и формирование Фонда будущих поколений. [www.sknews.kz](http://www.sknews.kz)

## Хабарлама

## Қаламқас кен орнындағы өрт ауыздықталды

29 наурыз күні Маңғыстау облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдері үшін брифинг өтті. Брифинг барысында «Қаламқас» кен орнында болған техногендік апатқа қатысты мәселелер талқыланды. БАҚ үшін ұйымдастырылған іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев, «ҚазМұ-

найГаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Бас директоры Бақытжан Хасанов, «Мұнай-газ ҰЖЗИ» АҚ бас директоры Олег Герштанский қатысты.

Жақып Марабаев жиналғандарды осы жылдың 13 наурызында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қарасты Қаламқас кен орнының күрделі учаскесінде ұңғыманың құрылысы барысында техногендік сипаттағы газ-су аралас табиғи бұрқас шыққаны туралы хабардар етті. Наурыз-



дың 13-24 күндері мамандар ұңғыманы күрделендірілген бұрғылау ерітіндісімен жуу, сондай-ақ грифондарды жою үшін жөндеу-оқшаулау жұмыстарын жүргізді. Қолданған шараларға қарамастан, 25 наурыз күні жер бетіне шыққан газ-су қоспасының ошағы жана бастады. Маңғыстау облысы бойынша Төтенше жағдай департаментінің бастығы Қ.Б. Базарбаевтың басшылығымен ТЖ, экология, полиция, орталық мемлекеттік органдар, ҚМГ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «СиБУ» ЖШС және Маңғыстау облысы әкімдігі өкілдерінен құрылған жедел штаб өрт ошағын ауыздықтау бойынша қажетті шараларды қабылдады. Төтенше жағдайды жою үшін 80-нен астам маман және 25 түрлі техника жұмылдырылды. Сөндіру барысында жану ошағын тасымалданатын лафеттік оқпандармен ауыздықтау үшін жұмыстар жүргізілді. 28.03.2019 ж. сағат 01.05-те №8237 ұңғымасы маңайындағы грифонда шыққан өрт ауыздықталды. Қазіргі таңда газ-су аралас табиғи бұрқастың жер бетіне шығуы тоқтатылды және пайда болған грифондар жабылды. Зардап шеккендер мен қаза болғандар жоқ. Алдын ала мәліметтер бойынша, материалдық шығынның көлемі шамалы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбаса-

ры Жақып Марабаев өз сөзінде пайда болған өрт – бұл Қаламқас кен орнын игеру жағдайына тән құбылыс екенін атап өтті.

«Әрине, біз қашанда осындай оқиғаларға дайын болуымыз керек – бұл үшін осы сияқты қауіп-қатерлер туындаған кезде уақтылы және сапалы әрекет ету бойынша арнайы регламенттер әзірленген. Мұндай жұмыстарға біліктілігі аса жоғары, өндірісті жете білетін және мол тәжірибесі бар мұнайшы-мамандар қажет екенін баса айтқым келеді. 8237 ұңғымандағы өртті ауыздықтау үшін еңбек еткен барлық әріптестеріме алғыс білдіремін. Олардың отбасы мүшелеріне айтарым – енді қауіп жоқ, уайымдамаңыздар».

Қазіргі кезде нысанда қайта қалпына келтіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Мамандар алдағы уақытта осындай төтенше жағдайлардың алдын алу үшін жан-жақты техникалық сараптамалар жүргізілетін болады. Сараптамалардың нәтижесі бойынша, Қаламқас кен орнының орталық бөлігіндегі ұңғымаларды жобалау кезінде бұрғылау ұңғымаларында жүргізілетін жұмыстардың қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы түзету шаралары қабылданатын болады. [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)







Принципиальным отличием итогового совещания от собраний прошлых лет стало приглашение для участия в собрании руководителей крупных подрядных компаний, обеспечивающих производственную и сервисную деятельность для АО «Эмбаунагаз» - ТОО СБП «Казмунагазбурение», ТОО «КазТехМунайСервис», ТОО «Евразия», Западный Филиал ТОО «Семсер Орт Сондүрүші» и ТОО «Медикер –ПМ». Традиционно в собрании приняли участие весь топ-менеджмент Компании, руководители производственных структурных подразделений (далее ПСП) и департаментов аппарата управления, отделов, цехов и производственных участков всех ПСП.

Председатель Правления АО «Эмбаунагаз» А.Е. Жаксыбеков в приветственном слове напомнил участникам собрания о приоритетной ценности компании – обеспечении сохранности жизни и здоровья сотрудников, в рамках которой каждый из них имеет право остановить работу, если видит угрозу для себя и коллег.

По словам главы компании, особое внимание на текущий момент нужно уделить повышению качественного состава инженеров по охране труда и окружающей среды (далее ОТиОС):

- Для действующих сотрудников отделов ОТиОС в ближайшее время будет организована аттестация специалистов на знание норм правил и инструкций в

области охраны труда, техники безопасности, промышленной и пожарной безопасности. А все переводы работников данной категории на другие специальности отныне будут осуществляться после согласования с директором департамента ОТиОС. В результате, отделы ОТиОС больше не будут восприниматься работниками, как «скамейка запасных» для последующего перемещения на другую позицию. Следовательно, повысится ответственность специалистов и соответственно качество работы.

Далее А.Е. Жаксыбеков остановился на имеющихся фактах нарушения работниками компании правил пропускного режима. Как правило, факт отсутствия на рабочем месте скрывался с помощью передачи коллегам личных карт, которые пробивались ими в нужное время.

- Такие случаи отныне будут пресекаться службой безопасности и строго наказываться, - отметил руководитель компании.

В ходе своего выступления, директор департамента ОТиОС Ильяс Сарыбеков рассказал об итогах работы в 2018 году, подробно остановившись на статистике несчастных случаев и мероприятиях, которые были проведены по следам этих происшествий. Напомним, в 2018 г. компания завершила с нулевыми показателями по смертельным случаям и авариям. Но имели место 4 случая травматизма.

## ОТиОС: повысить качество кадров!

19 марта в офисе АО «Эмбаунагаз» состоялось совещание по итогам деятельности компании в области охраны труда и окружающей среды в 2018 году. Одна из задач, поставленная по итогам собрания перед профильными руководителями - обеспечить безопасность труда в подрядных и сервисных компаниях.

По словам И. Сарыбекова, план работы в области ОТиОС на 2019 г. составлен с учетом актуальных задач по дальнейшему развитию службы ОТиОС в компании с учетом планируемой материнской компанией централизации всей документации в единую базу. Среди других пунктов в плане - проведение обучения персонала основам оказания первой медицинской помощи; закуп пожарной техники в количестве 15 единиц; совершенствование систем рационального использования водных ресурсов (очистление, подготовка на утилизацию, утилизация и использование для полива зеленых насаждений).

Большой пласт проблем озвучили в своих выступлениях руководители ПСП. Начальники нефтегазодобывающих управлений поднимали вопросы о необходимости выделения дополнительных штатных единиц инженеров по технике безопасности, несвоевременную поставку газоанализаторов и других средств индивидуальной защиты (далее СИЗ), низкое качество одноразовых комбинезонов, слабую регулировку защитных касок, темный цвет сварочных костюмов, отсутствие специальных резиновых сапог у бригад по подземному ремонту скважин, срокам эксплуатации промышленных полигонов (шламонакопителей) и мн. др.

В ходе обсуждения проблемных вопросов, руководством компании даны



поручения по каждому пункту. В том числе, по спецодежде и СИЗ – не допускать к закупкам компании, поставляющих некачественные товары, выделить бюджет на приобретение дополнительных комплектов спецодежды для бригад подземного ремонта скважин, совместно с кадровой службой проработать потребность в дополнительном штате инженеров по охране труда и промышленной безопасности, инженеров по пожарной безопасности, отработать вопрос привлечения подрядной компании для очистки резервуаров от нефтешламов и СНО и мн. др.

С отчетными презентациями по выполненной работе для АО «Эмбаунагаз», собственной статистикой по несчастным случаям, выводами и планами работы в области ОТиОС выступили первые руководители ТОО «КазТехМунайСервис», ТОО СБП «Казмунагазбурение», ТОО «Евразия», ТОО «Медикер –ПМ». **Е**

## Жұмысшылармен кездесу

### Мұнайшыларға қолайлы жағдай жасалуда

Басшылық пен еңбек ұжымы арасында «кері байланыс» жүйесін дамытуға, мұнайшылардың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап беру негізінде ЕМГ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев «Жылоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Прорва кен алаңына арнайы кездесуге барып қайтқан еді.

Жиын барысында жалпы мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту негізінде Компания тарапынан беріліп отырған көмектерге тоқталды. Айта кетер болсақ, қызметкерлердің 7-14 жас арасындағы балаларына демалысқа арнайы қаражат бөлінетін болды. Сонымен қатар, зейнеткерлердің барлығы медициналық тексерістен өтуіне де арнайы ақша алып отырады. Бұрын жалпы

2000-ға жуық қызметкердің 30-40 пайызы арнаулы жолдама алып келген болса, арнайы қаражат жыл сайын барлығына тиесілі. Тағы бір тоқтала кететін мәселе, «Спорт – денсаулық кепілі» дейтін болсақ, сол спорт, яғни, фитнес немесе бассейнге барғысы келетін қызметкерлердің барлығына 50 пайыз төлем берілетін



болды. Бұрын жалпы «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 140 адам осы жеңілдікті пайдаланған. Биыл тек қалада емес, барлық аудандарда да бұл төлем қарастырылатыны айтылды. Жалпы басқармаға қарасты 50 жатақхананың қазіргі хал-ахуалы да жиын барысында айтылып, Сәлімжан Жұмашұлы күрделі жөндеуді қажет етіп отырған жатақханалар да көп кешікпей қалыпқа келтірілетіндігін жеткізді. Әр жатақханалар музыкалық аспаптармен қатар спорттық құрал-жабдықтармен де жақын арада толықтырылатыны жөніндегі жаңалықты кездесуге келгендер жылы қабылдады.



Басқосуда сөз алған мұнайшылар ауысымдық поселке жатақханаларындағы тұрмыстық жағдайының кемшін тұстарына тоқталды. Жалпы аталмыш ұжыммен кездесу барысында қойылып жатқан сұрақтардың дені әрқилы. Қызметкерлеріміз таза өндірістік мәселелермен қоса, мұнайшыларды тасымалдау, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, тамақтандыру сапасы, жалақы мен қосымша төлемдер туралы, кәсіби біліктілігін көтеру және қызметін жоғарылату, мобильді байланысты жақсарту, жұмыс орындарындағы, жатақханалардағы тұрмыстық мәселелерге байланысты өтініштерін айтып, ой-пікірлерімен бөлісті.

Жиын соңынан Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары С.Нақпаев асхана жұмысымен танысты. Асханада берілетін тағамның құнарлығына қарай келе, мұнайшыларға берілетін арнаулы тағамдарды уақытылы жеуі керектігін де айта кетті. Жалпы тағамдардың порциясы көңілге өте қонымды екеніне де көз жеткізді. **Е**



# Кенбайдағы Наурыз мерекесі

Жыл сайын дәстүр бойынша ұлттық Наурыз мерекесін «Ембімұнайгаз» АҚ өзіне қарасты ірі кен орындарында тойлауды әдетке айналдырған. Бұған дейін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-нің Прорва кен алаңында, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Салтанат Балғымбаев кен алаңында, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-нің Ботахан кен алаңында тойланды. Биыл ембілік мұнайшылар «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты қойнауы қазынаға толы Кенбай кең алаңында бас қосты. Көпшілікке белгілі Кенбай кең алаңын 1995 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі салтанатты түрде ашқан еді. Наурыз тойын тойлау барысында мұнайшылардың күшімен дайындалған әр түрлі театрландырылған көріністер де, ән мен күй де төгілді.



## Үздік қызметкерлер ұлығыланды

Бұл ерекше мерекені ембіліктермен бірге тойлауға «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев пен өндіріс жөніндегі басқарушы директоры Мәлік Сәлімгереев келді. Өз кезегінде құттықтау сөз алған Жақып Нәсіпқалиұлы «Көрісу – табиғаттың шуағы мен жылылығын, нұрын төгетін, күннің ұзаратын, тіршіліктің жаңаратын керемет кезеңі. Көрісу – ынтымақ пен бірліктің, ырыздық пен берекенің бастауы. Көрісу – тазарудың, қайырымдылық пен мейірімділіктің күні» дей келе «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының төсбелгісін «Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстарын жүргізу цехының 5 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Дариға Ақмурзиеваға табыстаса, ҚМГ ҰК Құрмет грамотасымен бір топ қызметкерді марапаттады. Бұл құрметке лайық болғандар «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының, ұңғыларды жөндеу жөніндегі шебері Құмар Оразалиев, «Жайықмұ-

найгаз» МГӨБ өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Сәкен Шарапиден, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының бастығы Талғат Қайырғалиев болды. Сондай-ақ, ұлттық компанияның Алғыс хаттарымен «Доссормұнайгаз» МГӨБ Мақаттағы мұнайды дайындау және айдау цехының Шығыс Мақат кен орны 4 дәрежелі химиялық лаборанты Айжан Хамитова, өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының өндіріске қызмет көрсету учаскесінің жөндеуші-спесарі Азат Айжарықов және «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстар цехы бастығының орынбасары Айгүл Ермұхамбетова марапатталды.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2018 жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізді. Әрине, бұл жетістік – компания ұжымының бірлігі мен татулығының көрінісі. Сондай-ақ, өткен жылдың көрсеткіші бойынша өндірістік бағдарламаны табысты орындаған ембіліктер өнім өндіру жоспарын салыстыра қарағанда 55 мың тоннаға артық өндіріп отыр. ЕМГ 2012-2018 жылдар аралығында салық ретінде бюджетке 897 миллиард теңге, Атырау облысының әлеуметтік жағдайын

дамытуға 4 миллиард теңгеден астам қаражат аударды. Ал, қайырымдылық пен демеушілікке 2 миллиард теңден астам ақша аударылды.

Көтеріңкі көңілмен жүрген мұнайшыларды «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков мерекемен құттықтап, сала үздіктеріне құрмет көрсетті. Атап айтсақ, ЕМГ Басқарма төрағасының «Құрмет грамотасымен» Компанияның әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару жөніндегі департаментінің аға маманы Самат САҒЫНДЫКОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 5 разряд көтергіш машинисі Тоқтамыс ҚЫМЫЗҒАЛИЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 Шығыс Мақат мұнай және газ өндіру цехының бастығы Айнұр САЛИЕВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Доссор аудандық электр торабының шебері Қадірбек АБУОВ марапатталады. Компанияның даму жолындағы адал еңбегі, кәсіби шеберлігі, белсенділігі үшін ЕМГ Басқарма төрағасының Алғыс хаты «Доссормұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамту бөлімінің жетекші маманы Мереке ДЮ-СЕНГАЛИЕВАҒА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ жылу, газ, сумен қамтамасыз

ету бөлімшесінің жылу қазандығының операторы Оразай ЕСЕНҒҰЛОВҚА, «Ембімұнайэнерго» басқармасының материалдық-техникалық жабдықтау тобының технигі Алмагүл ТЛЕПОВАҒА, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының 4 разряд операторы Рүстем КУ-БЕСОВКЕ, өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының орталықтандырылып жеткізу және қойма шаруашылығы учаскесінің инженері Ерлан ҮСЕНОВКЕ табыс етілді.

## Аудандық мұражайға сыйға тартылған Тайқазан

Кенбайдағы Наурыз тойын тойлау кезінде көптің назарына іліккен Тайқазан мерекенің сәнін одан әрі арттыра түсірді. Ұлыстың ұлы күнінің символы саналатын Тайқазанды «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімінің слесарі Қуаныш Мұхтаров өз қолымен дайындаған. Өріптесіміздің айтуынша, салмағы шамамен 150 келідей







## Ұлыстың ұлы күніндегі ұлттық ойындар

Ұлыстың ұлы күні «Ембімұнайгаз» ұжымы жоғары дәрежеде тойлады. Кенбай кен орнында тойланған мерекеде қаз-қатар ақшаңаң үйлер тігіліп, наурыз көже әзірленіп, ұлттық ойын түрлерінен сайыстар өтті. Қарбалас жұмыстан бір сәт босаған мұнайшылар бұл күні қызметкер емес, қонақ болды. Жастар жағы арқан тартып, кір тасын көтеріп күштерін сынаса, енді бірі білек күшін сынап бақты. Кір тасын көтеруден I орынды «Доссормұнайгаз» ұжымы еншілесе, II орынды «Жайықмұнайгаз» жеңіп алды. Ал, III орын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-не тиесілі болды. Қол күшін сынаудан да доссорлықтар алдына жан салмады. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қызметкерлері II орынға тұрақтаса, «жылыойлықтар» III орынды еншіледі. Ал, арқан тартыстан «Жайықмұнайгаз» командасы ақтық

болатын осындай әдемі Тайқазанды дайындау үшін 18 күн уақыт кеткен.

- Дәнекерлеу саласында 26 жылдай қызмет етіп, ал, «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасында 15 жылдай жұмыс жасап келемін. Тайқазанды жасау үшін төрт бұрышты құбырлар, қалыңдығы 0,8 мм болатын темір жайма қолданылды. Оларды әр түрлі мөлшерде кесіп алып, Тайқазанның кейпіне келтіріп, дәнекерледім. Аяқтары мен қақпағы да темір жаймадан жасалған. Бұдан кейін дайын

оюларды сыртына жабыстырып, алтын түсті бояумен боялда, ал іші матамен қапталды, - дейді Қ.Мұхтаров.

«Қайнарлық» мұнайшылар Наурыз тойына тарту ретінде аталған Тайқазанды аудандық мұражайға сыйға табыс етті. Осы орайда, «қайнарлықтардың» Наурыз тойын жоғары деңгейде өткізуге үлкен ұйымшылдықпен атсалысқандарын атап өткен жөн. Елу шақты қызметкер өз қаражаты есебінен арнайы тапсырыспен ұлттық нақыштағы киім тіктірді.

Қызметкерлердің барлығының бірдей киіммен шығуына жауапты болған есеп жүргізу бөлімі бастығының орынбасары Жауқазын Медетова өзіне жүктелген міндетті абыромен атқарып шықты.

Ақтау қаласынан тігіншіні арнайы шақыртып, әр қызметкердің дене бітіміне сәйкес бір ай бұрын тапсырыс берген. Ер адамдар бас киім мен шапан тіктірсе, қыз-келіншектер бірдей көйлек, камзол және сәукелемен шығып, қонақтарды кең пейілмен қарсы алды.



сында жеңісті «доссорлықтардың» қолынан суырып алды. Ал, «қайнарлықтар» III орын алды.

Ұлыстың ұлы күніне орайластырған мұнайшылар қалашығындағы мейрам мұнайшы өнерпаздармен қатар Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония әншілерінің концерттік кешімен жалғасын тапты. **Е**

## Ардагерлермен басқосу



Ұлыстың ұлы күні – Наурыз және Көрісу мерекелеріне орай Компания басшылығы облыстың бір топ ардагерлерімен кездесті.

Кездесу барысында ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков бастаған компанияның басшылық құрамы ардагерлерге «қош келдіңізін» айтып, көрісіп, аман-саулық сұрасты.

- Көрісу – адамдардың бір-біріне амандасып, жақсылық тілейтін, бір-бірімен қауышатын мерекесі ғана емес, сондай-ақ, жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіретін күн. Біздің аймақ ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қатаң сақтаған, біз осы мәдениетті жалғастыруымыз керек. Бүгін осындай керемет күні бас қосып отырмыз. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке-бірлік, жақындарыңызға аمانдық тілеймін.

Мемлекетіміздің толағай табыстарға жетіп, көптеген әлеуметтік мәселелердің

оң шешілуіне ерекше үлес қосқан мұнай-газ саласы ел тәуелсіздігін нығайтуда маңызды орын алатынын баршамыз білеміз. Осы саланың дамуына және өркендеуіне үлес қосқан сіздердің ерен еңбектеріңізді біз ұмытпаймыз, халық ұмытпайды. Сіздер ерен еңбектеріңіз арқылы егемен еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына үлкен үлес қосқаныңызды ерекше атап өткім келеді, - деп, Компания басшысы Әнуар Еркінұлы облыс ардагерлерін ұлттық мерекемен құттықтады.

Жиналған облыстың еңбек ардагерлері мен Компанияның зейнеткерлері өздерінің еңбек еткен жылдарын еске алып, қай кезде де мұнай саласы еліміздің дамуына оң үлесін қосып келгенін, қиын кезеңдерде мұнайшылардың ерлікпен пара-пар еңбектерін жоғары бағалады. Басқосу соңында ақсақалдар ақ баталарын берді. **Е**



## Мұнай саласындағы әйелдің рөлі



Ағымдағы жылдың 20 наурызы күні «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) бас кеңсесінде «Мұнай-газ саласындағы әйелдің рөлі» тақырыбында KAZENERGY әйелдер энергетикалық клубының (бұдан әрі ЭЭК) көшпелі жиыны өтті.

Жиынның ашылу салтанатында ЕМГ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, Атырау облысы әкімінің орынбасары А.Т.Әжіғалиева, ЭЭК төрағасы «Kazmortransflot» UK Ltd қаржы директоры А.Ү. Аққайсиева кіріспе сөз сөйледі.

- Ембілік әйелдер ғасырға жуық уақыт бойы кәсіпорынның қалыптасып, дамуына зор үлестерін қосып келді. Олар алғашқы мұнайшыларға жайлы жағдай туғызып, бірнеше ұрпаққа тараған династиялардың негізін қалады. Соғыс жылдарында да әйелдер өндірісте ерлердің орнын абыроймен алмастыра

білді. Бүгінгі күні де әйелдерге жұмыспен отбасы құндылығын қатар сақтау жауапкершілігі жүктеліп отыр. Ембіде қызмет ететін 900-ге жуық әйелдің ішінен 238-і – көпбалалы аналар. Оларға Компанияның әлеуметтік пакеті аясында тиімді жағдайлар жасалуда, - деп атап өтті Әнуар Жақсыбеков.

Көшпелі жиынның негізгі мақсаты мұнай-газ компанияларындағы гендерлік саясаттың дамуы бойынша тәжірибе алмасу болды. ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, ЭЭК атқарушы комитетінің мүшесі Р.Н.Тасмағамбетова пленарлық сессияның модераторы және спикерлердің бірі болды.

- Компания базасында «Мұнайшы қыз» әйелдер клубын құрудағы басты мақсат ЕМГ миссиясы және құндылықтарымен тікелей байланысты болды.

Компанияның бекітілген құндылығы – жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау аясында 2018 жылы клуб барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерде еңбек ететін қыз-келіншектерге арналған онкологиялық ауруларды анықтау және алдын алу, кәсіби өсу және ораторлық шеберлікті қалыптастыру бағыттарында тренингтер ұйымдастырды. Атап өту керек, осы бір жыл ішінде біз әйел жұмысшылармен кері байланысты мықтап орнатып, олармен алдағы уақытта да жүйелі жұмыс жасау керек екендігін аңғардық, - деп атап өтті Рысты Тасмағамбетова өз сөзінде.

Кәсіпорындардағы гендерлік тепе-теңдікті сақтау және әйелдер клубының жұмыстары туралы KAZENERGY Ассоциациясының атқарушы директоры Л.Ж.Ахмурзина, Халық Банкі Басқарма төрағасының орынбасары Ж.С.Сату-

балдина, «Теңізшевройл» ЖШС жетекші қаржы талдаушысы А.Сүйінішбекқызы, «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлерді басқару бөлімінің басшысы Ә.Ә.Жайлашева, NCOC N.V. материалдарды жеткізу бойынша кеңесші З.Сүлейменова және Атырау облыстық Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Н.Т.Айтиева баяндамаларын оқыды.

Көшпелі жиын аясында мұнай-газ саласының бірқатар жұмысшы әйелдері KAZENERGY Ассоциациясы мен «Ембімұнайгаз» АҚ атынан марапаттарға ие болды.

Сол күні-ақ ЭЭК атқару комитетінің отырысы өтті. Бұл жиында 2019 жылдың жоспары, атап айтсақ, «ҚР энергетика саласындағы әйелдердің рөлі» ақпараттық-талдамалық шолуды жасақтау, «Сандық тәлімгерлік» жобасын жүзеге асыру, ЭЭК-тің IV Форумын ұйымдастыру және басқа да мәселелер талқыланды. **Е**

## Жұмысшыларға – тұрақтылық, акционерлерге – тиімділік

12 наурыз күні Атырау қаласына сапары аясында «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде ҚР Премьер-министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіхалықова мен еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың, Атырау облысы әкімі Нұрлан Ноғаевтың аймақтың кәсіпкерлік ұйымдар басшыларымен кездесуі өтті.

Кездесу барысында Г.Әбдіхалықова Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде әлеуметтік аз қамтылған отбасыларын қолдау және кірісті көбейту, табысы төмен тұрғындардың тұрғын-үй, білім беру және денсаулық сақтау салаларының мәселелерін шешу, аймақтардың кешенді дамуы бағытында берген тапсырмаларын жүзеге асыруға негізделген мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде айтып өтті. Ал, министр Б.Сапарбаев өз сөзінде Атырау облысы бойынша жұмыспен қамту көрсеткіштеріне тоқталып, кәсіпорындарда Ұжымдық шарттың енгізілуі, еңбекақы берешектері т.б. мәселелерді көтеріп, ірі және орта бизнес өкілдеріне еңбек шарттары бойынша қазақстандық жұмысшылардың құқығын бұзу фактілеріне жол берілмеуі керектігін жіті назарда ұстауды тапсырды.

- 1922 жылы құрылған «Ембімұнайгаз» АҚ өнім өндірумен қатар, әлеуметтік салаға ерекше мән беретін отандық кәсіпорын болып саналады. Жұмысшыларға тұрақтылық пен акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін бұл бағыттар компанияның миссиясы мен өндірістік қызметтерінде айқын көрініс тапқан. Компанияның негізгі құндылығы – жұмысшылардың өмірлері мен денсаулықтарын сақтауды қамтамасыз ету. 2018 жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша Компания нөлдік көрсеткішке қол жеткізді.

2012 жылдың 1 қазанынан 2018 жыл аралығында салық төлемдері ретінде 897,1 млрд. теңгеден астам, соның ішінде, 2018 жылы 199,2 млрд теңге қаражат аударылды. Аталған кезеңде өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға 4,3 млрд. теңгеден (соның ішінде, 2018 жылы – 1,9 млрд теңге) астам қаражат аударылды, - деп атап өтті өз сөзінде Компанияның Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ. Сондай-ақ, Компания басшысы кәсіпорынның мемлекет пен жергілікті ұйымдар алдындағы жауапкершілігі және ЕМГ жұмысшыларына көрсетілетін әлеуметтік қолдаулар жайында кеңінен айтып өтті.

Соңғы жылдары демеушілік және қайырымдылық қолдау шаралары аясында ЕМГ 170-тен астам қоғамдық ұйым мен жеке тұлғаларға көмек көрсетті. Атап айтсақ, шетелдерде дереу ем алып, оңалту шараларын қажет еткен онкологиялық дертке, церебральды сал ауруына шалдыққан, тірек-қимыл жүйесі бұзылған балаларға көмек көрсетті. Компания жыл сайын өз ардагерлерін қолдау мақсатында мерекелік

күндерде қаражат аударса, сондай-ақ, газет-журналдарға жазылу, емдеу-демалыс орталықтарына жолдама және дәрі-дәрмек шығындарын өтейді.

Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу бағдарламасы шеңберінде оператор, ұңғымаларды жерасты жөндеу машинисі, агрегат машинисі, электр дәнекерлеуші сияқты ауыр жұмысқа жататын мамандық иелері 58 жастан бастап зейнеткерлікке шығып, ай сайын 5 жылға дейін жалақысының 48-50%-ын алып отырады. Бағдарлама ұзақ жылдар Ембі өндірісінде еңбек еткен жұмысшыларды қолдау мақсатында жасақталған. 2014-2018 жылдар аралығында 237 жұмысшы бағдарлама шарттары бойынша мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыққан, оның 213-і – ерлер, 24-і – әйелдер.

Компанияда Дуалды оқыту бағдарламасы жүзеге асқан 3 жыл ішінде Ембінің өндірістік нысандарында 93 студент дайындықтан өтіп, соның ішінде, тестілеу қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған 40 студент Компанияға жұмысқа орналасты. Қазіргі таңда

Компанияның өндірістік базаларында аталған жоба бойынша барлығы 23 студент білім алуда, 2019 жылы 19 студент бағдарламаға сай оқуды бастады.

Компания өз қызметкерлерін жан-жақты әлеуметтік қамқорлыққа алған. Жақсы жалақы жүйесімен, жұмысшы-қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері медициналық сақтандырумен қатар, ЕМГ өз мамандарын қосымша сапалы әлеуметтік пакетпен де қамтып отыр.

Компанияда жергілікті халықты, көмекке мұқтаж жандарды қолдауға ниет етуші қызметкерлер қатары жыл санап өсіп келеді. 2015-2016 жылдарда облыста болған көктемгі жауынның салдарынан баспаналары бұзылған жандарға жұмысшылардың өз еріктерімен бір күндік жалақылары есебінен көмектер көрсетілді. 2015 жылы жиналған қаражатқа тәрбиесінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар 4 отбасының баспаналарына күрделі жөндеу жүргізіліп, жалғыздікті зейнеткерге жаңа тұрғын үй салынып берілді. 2016 жылы тәрбиесінде 4 баласы бар, (оның 2-уі ауыр науқас) Атырау қаласының тұрғынына жаңа баспана салынды.

Өткен жылы ембіліктер Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданында су тасқынынан зардап шеккен жандарға көмек ұйымдастырылды. Мұнайшылар өз еріктерімен қаражат жинап, жинақталған 12 миллион теңге «Біздің қала – Зырян» қайырымдылық қорына аударылды. Оған баспаналары судың астында қалып, жарамсыз деп танылған Малеевск, Зубовск поселкелері мен Зырян қаласы маңы тұрғындарына 4 пәтер, 3 үй сатып алынды.

Компания жыл сайын жаңажылдық қайырымдылық жәрмеңкесін өткізіп, жинақталған қаражатқа әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың науқас, мүмкіндігі шектеулі балаларына сыйлықтар ұйымдастыруды дәстүрге енгізген. **Е**







«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Молдабек кен орнының ғылыми-зерттеу бөлімінің операторы Нұрлан Советханов.

27-28 наурызда ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) республикалық және аймақтық БАҚ үшін ұйымдастырылған баспасөз туры «Ембімұнайгаз» АҚ-да (бұдан әрі - ЕМГ немесе Компания) дуалды білім беруді енгізу тәжірибесіне арналды.

Шараға жетекші республикалық және аймақтық телеарналардың, интернет-порталдардың және баспа БАҚ өкілдері қатысты. ҚР БҒМ бастамасымен ұйымдастырылған турдың негізгі мақсаты – «АРЕС PetoTechnic» жоғары техникалық колледжінің үлгісі бойынша елдегі отандық кәсіптік білім беру саласындағы жетістіктермен таныстыру және ЕМГ компаниясымен дуалды оқу жүйесі сәтті жүзеге асырылуына көз жеткізу.

Турдың бірінші күні журналистер «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не қарасты С.Балғымбаев кен орнының базасында аталған бағдарлама аясында тәжірибеден өткен студенттермен кездесті.

- Бүгінгі күні дуалды оқыту жүйесі техникалық мамандарды даярлаудың ең тиімді нысандарының бірі саналады. Бұл форма оқу үрдісінде теория мен практиканы біріктіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорын үшін бұл – қызметкерлерді дайындау, іздеу және іріктеу, оларды қайта даярлау және бейімдеу үшін көзделген шығындарды азайту мүмкіндігі.

Студенттер үшін - бітірушілерді нақты жұмыс жағдайына бейімдеу және бітіргеннен кейін мамандық бойынша табысты жұмыс істеу мүмкіндігі, - деді ҚР Білім және ғылым министрлігінің кеңесшісі Майрас ТАЙКЕНОВА.

- Туған жерім Өскеменде 11 сыныпты бітіргеннен кейін, мен білімімді қай жерде жалғастыратынымды таңдадым. Бақытымызға орай, сол кезде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Республиканың мұнайгаз саласы бойынша жас мамандарды даярлау үшін гранттар бөлді, Шығыс Қазақстан облысына сол кезде 5 квота бұйырған еді. Мен «Мұнай және газ саласы бойынша кен орындарын пайдалану» мамандығы бойынша «АРЕС PetoTechnic» жоғарғы колледжіне ағылшын тілінен де емтиханнан сәтті өттім. Анам мемлекеттік қызметкер екендігін және туыстарымның бірде-біреуі мұнай өнеркәсібінде жұмыс істемейтінін атап өткім келеді. Оқудың соңғы курсында мен Компаниядағы дуалды оқытуға таңдалдым. Алты ай бойы мен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің Оңтүстік-Батыс Камысты кен орнында тәжірибеден өтіп, «АРЕС PetoTechnic» жоғарғы колледжін бітіргеннен кейін арнайы тестілеу нәтижесінде осы компанияға жұмысқа қабылдандым. Қазір мен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің Молдабек кен

орнында ғылыми-зерттеу бөлімінің операторы болып жұмыс істеймін. Мен жақсы жалақы алып қана емес, әртүрлі қосымша әлеуметтік төлемдермен де қамтамасыз етіліп отырмын. Вахталық кезекті демалыс уақытында ҚБТУ мен «АРЕС PetoTechnic» жоғарғы колледжінің бірлескен жобасы негізінде аталмыш колледж базасында жоғарғы білім алу үшін оқып жүрмін, - дейді компанияның жас қызметкері Нұрлан СОВЕТҚАНОВ.

Баспасөз туры барысында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері жат-

## Дуалды оқыту: кеше - студент, бүгін - мұнайшы

тығу алаңына барды, жас мұнайшылар өздерінің кәсіби біліктіліктерін көрсетті. Сондай-ақ, журналистер мұнайшылардың тұрмыс жағдайымен, бос уақыттарын қалай өткізетінін және асханаларымен де танысты.

- 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 93 студент дуалды жүйе бойынша оқуды аяқтады. Оның 40-ы қорытынды бойынша тестілеуде ең жоғарғы балл жинап бүгінде Компанияда жұмыс істейді. 2018-2019 оқу жылында дуалды оқытуға іріктеуден өткен 43 студент өздерінің жұмысын жалғастыруда, - деп атап өтті ЕМГ-нің қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА.

Жоспарлы бас қосудан кейін БАҚ өкілдері ЕМГ компаниясының интерактивті мұражайына барды. **Е**



«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Шарафетдинова.

## Ембілік жұмысшылар

### Гауһар Аманқұлова, «ӨТҚЖЖК» басқармасының қоймашысы: «Ұлттық тағамдарды пісіруді ұнатамын»

Бала кезімнен сауда маманы болуды ұнаттым. Ақжар поселкесіндегі орта мектепті бітірген соң, Атырау қаласындағы №5 СПТУ-ға құжаттарымды тапсырып, сауда мамандығын алып шықтым.

Қыз бала тұрмыстың әр түрлі жұмысын туған үйінен, дәлірек айтсам анасынан үйренеді ғой. Бала кезімде есімде, анамыз тағамның түр-түрін пісіретін. Өкеміз жұмыстан келгенде анамыздың ыстық тағамы дастархан үстінде әр кез дайын тұратын еді. Үй иесі кешкілік жұмыстан келгенде ас-суының дайын болуын мен өз анамнан үйрендім.

Бүгінде өзім де анамын. Бес бала тәрбиелеп, жолдасым Тарғын екеуіміз

олардан 3 немеренің қызығын көріп отырмыз. Осылай «төрт көзіміз түгел» отырған сәт - менің ең бақытты сәтім десем болады. Отбасымның мүшелері бас қосқан сәттерде ұлттық тағамдар пісіріп, мерекелік дастархан жаямын. Дастарханға қойылатын тағамдарды түгелдей өзім пісіремін. Әр әйел адамның өмірде сүйіп жасайтын шаруасы болады емес пе?! Мен үшін ас үйде түрлі-түрлі тағам түрлерін дайындау ең жақсы көретін «кәсібім» десем артық айтқандық болмас. Тағам дайындағанда денсаулыққа пайдалы болуын басты назарда ұстаймын. Тағамның майлы әрі ащы болмауын, асқазанға жеңіл болуын үнемі қадағалаймын.

Тағы бір үнемі назарда ұстайтын нәрсем - дүкеннен дайын немесе жартылай дайын, («полуфабрикат» дейміз ғой) тағамдарды сатып алуға мүлдем қарсымын. Шынымды айтсам, дүкеннен сатып алатын нәрсем аз екен. Шайға деп печенье, торт сияқты тәттілерді өзім пісіремін, ет ассамнаны қолдан жаямын. Тіпті сорпаға салатын вермишельді де қолдан ысамын. Отбасылық бюджетке де үнем, денсаулыққа да пайдалы. Қыздарыма да осыны үнемі ескертіп отырамын. Үнемшіл болу, барды ұқсата білу, қолдағыны жарқырата көрсету - әйел адамның бойында болу керек негізгі қасиет деп ойлаймын. **Е**





## Наурыз мерекесіндегі тарту

«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы Басқарма төрағасы Ө.Е.Жақсыбековтің бас-тамасымен әлеуметтік жағдайы төмен атыраулық 10 отбасыға Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай қайырымдылық көмек көрсетті.

Жиналған қаражатқа азық-түлік себетін, балалар киімдерін және бір 4 баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты әйелге тоңазытқыш сыйға тартты.

- Тоғыз жылдан бері үй жалдап келемін. Жолдасым қайтыс болды. Өзім қант диабетіне де шалдыққам. Соның салдарынан ешбір жұмысқа да орналаса алмай келемін. Тоңазытқышымыз істен шығып қалған. Бізге көмек қолын созған ембілік мұнайшыларға алғысым шексіз. Сауапты істерің болғай, - деп ол ризашылығын жаудырды. **Е**



## Табиғатты қорғау

### Ембіліктер Жайық жағалауын тазалады

16 наурыз күні «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бір топ қызметкері «Таза жағалау» акциясына қатысты.

16 наурыз күні Жайық өзені жағалауын тазалауға арналған «Таза жағалау» атты санитарлық тазалықтың екі айлығы басталған болатын. Бұл акцияға Компанияның орталық басқару аппараты, «Ембімұнайэнерго» басқармасы мен өндірістік-техникалық қамту және

жабдықтармен комплектациялау басқармасынан екі жүзге жуық қызметкері белсенділікпен атсалысты.

- Бұл шараға немқұрайлы көзқарас танытпай, ғасырға жуық тарихы бар Компанияның өкілі ретінде біз де әкімдік бекіткен аумақты қоқыс-қалдықтардан, жағалауды өлген балықтардан тазалау акциясына қатысуға бірауыздан шешім қабылдадық, - дейді ЕМГ

әлеуметтік саясат және инфрақұрылымдық нысандарды басқару департаменті директорының орынбасары Бекет ҒҰБАЙДУЛЛИН.

Ембілік қызметкерлер қоқыс жинайтын полиэтилен пакеттер мен қолғаптарды өз қаражаттарына алды. Бұған дейін, 9 наурыз күні өзен жағасын өлген балықтардан тазарту акциясына қатысқан еріктілерге қолғаптар мен қорғаныс

маскаларын алуға ЕМГ Басқару аппаратының кәсіподақ комитеті қаржылай қолдау білдірген болатын.

Жалпы, сенбілік кезінде өзен жағалауынан 52 тонна қоқыс, 4,3 тонна өлі балық жиналды. «Таза жағалау» сенбілігіне жалпы 2600-ден астам тұрғын қатысты. Аталған тазалық акциясы ағымдағы жылдың 31 мамырына дейін жалғасады. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ  
**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі  
**Бас редактор:** А. Ертлеуова  
Газет айына 2 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**  
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.  
L.Suleimenova@emg.kmger.kz  
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmger.kz  
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmger.kz

#### Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;  
Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;  
Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;  
Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;  
Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;  
Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;  
Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:** «Print House Gerona» ЖШС  
Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,  
Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.  
Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.  
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі